

3. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты. - <http://www.mki.gov.kz>.

4. Ертісбаев Е. Ұлттық мәдениеттің биік дәрежесі - еліміздің бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайтын басты талаптардың бірі. - Қазақ ұлттық ақпарат агенттігі, 28 қаңтар, 2008. - <http://www.inform.kz>.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Қаленова Т.С.

Астана қ., Қазақстан

*«Таза діннің шын негізін
Ұстаған бір пенде жоқ.
Дүние толған көп шатақ дін,
Бәрі бірдей шатпырақ
Дін тазасын діннен ізде
Дін шатағын сынға сал.
Анық айна өзіңізде,
Айда ақылды қаттырақ
Шала дінді пән де таппас,
Дін тазасын ой табар.
Еркін ақыл тіпті адаспас,
Кезсе кірсіз жарқырап...»*

Мұны айтқан – Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы [1]. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында айтып кеткен Ш. Құдайбердіұлының бұл терең ойлы сөздері ХХІ ғасырда бүкіл әлемді толғандырып отырған ең өзекті мәселеге айналды. Қазіргі кезде әлемнің қай түкпірінде болсын діни ахуал ең өміршең мәнді мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, жер-жерлерде кеңінен таралған керітартпа, теріс бағыттағы әртүрлі деңгейдегі түрлі діни ағымдар халық арасына іріткі салып, ел тыныштығын бұзып, берекесін алуда. Әсіресе, ондай ағымдар жастардың санасын улау арқылы оларды өз қатарларына көптеп тартуда. Нәтижесінде, сол теріс ағымдардың кері әсері Жер жаһанда діни экстремизмнің орын алуына себеп болып отыр.

Дін – дұрыс түсінген адам үшін бақытқа жетелейтін нығмет. Ал қате түсінген адам үшін үлкен қасірет. Біздің жиырма жыл ішінде жіберген үлкен қателіктеріміздің бірі – дінге бостандық берумен қатар, керітартпа теріс ағымдарға да бақылауды босаңсытып алдық. Ал, біздің жастарымыз діни сауаты таяз болғандықтан, теріс ағымдардың жылтыраған әзәзіл азғырушылық сөздері мен айдап салушылық үгіт-насихаттарына тез алданып қалды [2].

Бүгінгі күні елімізде алуан түрлі діни ағымдар таралып, қалыптасуда. Мысалға келтіретін болсақ, олар: «Вайшнавтар», «Бахаи» сенімі, «Бірлестік шіркеуі», «Иегова куәгерлері», «Соңғы өсиет шіркеуі», «Кришнаны тану қоғамы», «Саентология» шіркеуі, «Мормондар», «Сахаджа йога», «Жаңа аспан», «Жаңа өмір шіркеуі» және т.б.

Деректерге сүйенсек, 1990-жылдардың басында Қазақстанда 500-дей діни бірлестіктер мен ұйымдар болған [3]. Ал 2012 жылы 25 қазанда аяқталған

еліміздегі діни ұйымдарды қайта тіркеу жұмысының нәтижесінде бұған дейін Қазақстанда болған 4551 діни бірлестіктің қатары 3088-ге дейін қысқартылды. Мәселен, діни ұйымдардың саны жағынан көп болуы аз топтардың кең етек жаюымен және іс жүзінде жұмыс жүргізбеген бірлестіктердің қайта тіркеуден өтпеуімен байланысты болды. Олардың ішінде аты да, заты да беймәлім «Христово братство» (Христадельфиане), «Соңғы өсиет шіркеуі» (виссариондықтар), «Альжан – Дом спасения», «Христиан ғылым шіркеуі» және тағы басқа ұйымдар бар. Ал Саентология шіркеуі, Бірігу шіркеуі (муниттер), Ахмадия жамағаты, «Рухани жол» сияқтылар дінтану сараптамасынан өтпей қалды.

Тіркеуден кейін көптеген қауымдардың діни ұстанымы нақтыланды. Бұған дейін жекелеген діни бірлестіктер жаңылысып, өздерін дербес конфессиялар ретінде санаған. Енді сарапшылар діни ұстанымы бірдей бірлестіктерді конфессия бойынша топтастырып қойды. Мәселен, бұрын жеке конфессия ретінде есептелген «Назарянин» миссиясы, «Грейс», «Надежда», «Эммануил» қауымдары пресвитериандық шіркеулердің бір конфессиясы аясында топтастырылды. Ал «Сун Бок Ым», «Новая жизнь», «Агапе», «Жатва», Толық Інжіл шіркеуі, «Благодать» секілді діни бірлестіктер елуіншілер шіркеуі құрамына кірді. Осы уақытқа дейін республика бойынша 46 конфессия бар деп келінсе, осы жұмыстардан кейін олардың саны 17-ге қысқарды. Яғни елімізде қазір 17 конфессия бар [4].

Жалпы алғанда, жаңа діни ағымдар дәстүрлі діни сенімдерден айырмашылығы әлемдік тарихи діндердің ұстандарынан өзгеше жаңа бір діни танымдық жаңалықтар енгізулерінде. Сондықтан олардың тарапынан қоғам дамуына кереғар ықпал ететін, тіптен ел ішінде іріткі салуға бағытталған әрекеттер де жасауға тырысқан жекеленген оқиғалар кейінгі кезде жиі байқалады. Бірақ, басқа діни ағымдарға қарағанда, қазіргі кезде көпшілік жағдайда жалпы қоғамдық пікірде «мұсылман экстремизмі» немесе «мұсылман террористтер» деген түсініктер әбден үйреншікті түсініктерге айналды. Алайда, басқа діни экстремистік топтарға қатысты келгенде ешқашан дін атауы қоса аталмайды. Мысалы үшін, Испаниядағы «ЭТА-БАСК» тобын «Христиан террорист Баск тобы» деп, ал, Солтүстік Ирландиядағы «ИРА» ұйымын «христиан-католик террористік ұйымы ИРА» деп, Жапониядағы буддист «Аум Синрике» сектасын «Буддист террористтері» деп аталған емес. Осылайша, тек қана олардың жекелей белгілеріне ғана қатысты атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бірде Құрбан Айт мерекесі күні Астана орталық мешітіне баспасөз өкілдеріне берген сұхбатында былай деген еді: «Исламның ішіндегі экстремистер деп айтылып жатқан сөз жөн емес. Ислам деген дүниежүзілік дін. Екі миллиардқа жақын халық мұсылман дініне бағынады. Сондықтан, әлгі бандиттер мен экстремистер әр дінде болып жататын жағдай. Ол екеуін біз ажыратып айтуымыз керек. Ал енді, Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбарымыздан қалған мәселелер ондай емес, еш уақытта мұсылманның діни соғыспен, қолына қару-жарақ алып біреуді өлтіріп, заңсыздыққа барып, мемлекетке қарсы жүру деген мәселелер болмайды мұсылманда. Сондықтан, осындай нағыз таза мұсылманның, Құранның жолыменен халық жүретін болса, ол елге жақсылық әкеледі, әр адамның өзіне де жақсылық әкеледі деген сөз» [5].

Шындығында, таза Ислам - жоғары адамгершілік құндылықтарды насихаттайтын гуманистік діни ілім. Сондықтан бұл арада «ислам экстремистерінің»

тек қана олардың профессионалдық жағынан ғана «ислам экстремистері» атанатынын айту қажет. Бірақ қазіргі жағдайда көпшілік ортасында мұсылман - бұл діни-экстремист немесе соғысушы, ал Ислам барлық конфессиялардың ішінде діни экстремизмді әкелуші деген теріс көзқарас қалыптасқан. Бұл таңданыс тудырмаса керек. Өйткені соңғы кезде «ислам экстремизмі» туралы Бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе шетелдік басылымдарда жиі айтылып, көп жазылады. Атап айтқанда, қазіргі күні Таяу Шығыстағы «ислам экстремистік» ең ірі ұйымдар ретінде: «Әл-Каида» (База), «Әл-Джамаа әл-исламийя әл-мусалляха» (Қарулы ислам тобы), «ХАМАС» (Ислам қарсылығы қозғалысы), «Хизбалла» (Алла партиясы) және т.б. танылған [6]. Бұл діни-экстремистік ұйымдар негізінен XX ғасырдың екінші жартысында пайда болғаны белгілі. Бастапқыда олардың көпшілігі азаттық және саяси құқық, тәуелсіздік үшін күресетін саяси ұйымдар ретінде қалыптасты. Бірақ заңсыз белсенді қызмет жасауға әдеттенген мұндай топтар қызметі кейіннен мемлекетке қарсы террорлық әрекетке ауысып кетті. Ал бұл ұйымдардың туындау тарихына қысқаша тоқталатын болсақ. 1960-жылдары әлемнің барлық аймақтарында әртүрлі ұстанымды террорлық топтар мен ұйымдардың ошақтары пайда болып, олардың белсенді әрекеттерінен терроризмнің күшейген кезеңі болды. Экстремизмнің бұл уақытта аса шиеленісті болуына 1967 жылы Израильдің Исламға қарсы өктемдік жүргізу саясаты нәтижесінде Иерусалимнің шығысын басып алуы әсер етті. Басқыншылық жағдайында қалған Иерусалимнің араб тұрғындары, басқа да жаулап алынған аймақтардағы сияқты ұлттық және діни сезімдеріне қатысты түрлі шектеулерге ұшырап, қуғындау саясатының құрбандары болды [7].

1982 жылы шиит ислам топтарының негізінде Ливанда пайда болған «Хизбалла» немесе Алла партиясы бұл елде «Иран моделі» бойынша мұсылман мемлекетін құруды мақсат етті. Бірақ «Хизбалла» шиит ұйымы болғанымен, басқа дін өкілдері арасында да кең қолдау тапқан-тын. «Хизбаллаға» мыңдаған соғысушылардан тұратын әскери бөлімшелер қараған, әрине олардың басты құрылу мақсаты- Ливан әскерлеріне соққы беру болды.

1987 жылдың соңы - 1988 жылдың басында туындаған «ХАМАС» ұйымы - «Харакәт әл-мукауама әл-исламийя» - «Ислам қарсылығы қозғалысы» өзінің идеологиялық жағынан «Мұсылман ағайындарының» негізгі ережелерін ұстана отырып, басты мақсаты ретінде «қарулы жиһадты» насихат етті. 1989 жылдан бастап бұл ұйым Израильге қарсы күресте террорлық әдістерді қолданды. Террорлық әрекеттерді оның «Изз ад-Дин әл-Касем бригадасы» деген құпия әскери бөлімшесі жүзеге асырып отырған. Ал бүгінгі күні ең белсенді исламдық экстремистік топ саналатын «Хизб ут-Тахрир әл-ислами» партиясы (Ислам азат ету партиясы) 1953 жылы Иерусалимде туындаған. Партияның мақсаты - ислам халифатын қайта құру болды. «Хизб ут-Тахрирдің» қызметі көптеген мұсылман мемлекеттерінде заңсыз деп жарияланған. Оның бөлімшелері әскери тәртіппен жасырын түрде қызмет жасайды.

Әлемдегі барлық діни-саяси терроризм түрлерінің ішінде «ислам экстремизмі», оның ішінде уахабизм өткен ғасырдың екінші жартысында басынша ауқымды таралған түрі болды.

Уахабизм мұсылман елдерінде бүгінгі күні халықаралық терроризм мен экстремизм тірегіне айналды. Уахабистер әрекеттері бүкіл мұсылман әлемін қамтып

отыр, олардың көздеген нысанасы, мұсылман елдерінде, кейін бүкіл әлемде өз үстемдіктерін орнату. Осы арада уаһабизмнің мәнісіне қатысты айтылған кезінде Қазақстан Республикасындағы Сауд Аравия Корольдігі Елшілігінің мәдениет істері жөніндегі атташесі болған Мұхаммед ибн Абед Аль Азиз аль Гейлан пікіріне назар қойсақ. Ол «ваххабизм» деген дін немесе ағым (мазхаб) жоқ екендігін, ал уаһабизмнің негізін салушы ретінде көрсетілетін шейх Мұхаммед ибн Абед Әлуахаб - ХҮІІІ ғасырдағы мұсылман ғалымдарының бірі ғана болғанын айта келіп: «...Ол (Мұхаммед ибн Абед Әлуахаб) құдайсыздыққа, дінді бұзатын түрлі ырым-жырымға қарсы күресіп, халықты таза Исламға шақыратын құнды еңбектер жазған. Таза Ислам бұрын да, қазір де терроризмге, экстремизмге, қатігездікке, қантөгіске түбірімен қарсы, қайта ол адамдарды бейбітшілікке, жақсы қарым-қатынасқа, түсіністікке, мейірімділікке, тіпті жан-жануарларға да жанашырлықпен қарауға шақырады» деген еді [8].

Ислам дініне қатысты керағар пікірлердің қалыптасуына, алдымен, әрине, көпшілік арасында діни сауаттылықтың төмендігінен, екіншіден, Бұқаралық ақпарат құралдарында Ислам дініне қатысты білімдарлық сауаттылық беретін қажетті мәліметтердің аз берілуінен дер едік.

Қазіргі жағдайда экстремистік бағыттағы ұйымдар мен топтардың террорлық актілерінің азғындық және адамға қарсы жақтары артып, оның сипаты күрделеніп, жалпы террорлық әрекеттердің кең етек жаюы байқалады.

Бүгінгі күні діни лаңкестік өзінің ұйымдастырылуы және таралу ауқымына қарай басқа терроризм түрлерінен кем түспейді. Діни терроризмді таратушылар нақтылы бір діни және ұлттық құндылықтарды өз мақсаттарында кері ықпалды пайдаланатын діни-саяси экстремистік ұйымдар. Діни экстремизм - мемлекеттің территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін бұзуға, билікті күшпен алуға немесе мемлекеттік құрылымды күшпен өзгертуге бағытталатын әрекет.

Діни экстремистер Ислам діні мәнісін өз діни-саяси мақсаттарына жету үшін қарама-қайшы пікірде тұжырымдайды. Бұл әсіресе «жиһад» мәселесіне қатысты. Олар күш көрсетудің себебі «дінсіздер кінәсі» деп түсіндіреді. Сондықтан осы тұрғыдан алғанда, бұл қағида дінге сенушілердің әрекеттерін заңды деп табуға және мұның күштеу әрекеттерін жасауға түрткі болуына, басқаша айтқанда, «ислам экстремизмінің» әрекеттерін ақтап алуға мүмкіндік береді.

Елбасы 2012 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына жолдауында діни экстремизмнің еліміздің ұлттық қауіпсіздігін сақтауда қаншалықты маңызды екендігін: «Діни экстремизм қауіп ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде.

Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мазхабына қарама-қайшы.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күл-талқан еткісі келетін қылмыстық іс-әрекет жасырынып жатыр.

Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Бұл – біздің мемлекеттігіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі», [9]-деп баса атап айтты.

Ақиқатында, Қасиетті Құран Кәрімде: «Әй, адамдар, сендерді бір жаннан жаратқан Алладан қорқындар. Бәрінің шыққан тектерің бір. Әр адам-осы біртұтас адам жанының ажырамас бөлігі», «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың»[10], «Жақсылық жасауда бір-біріңнен озуға тырысыңдар» делінген. Ендеше, Ислам өзгені мойындап, онымен бейтарап түрде ықпалдасумен ғана шектелмейді, сондай-ақ онымен бейбіт қатар өмір сүруге, әркіммен әділетті және татулық қатынас жасауға үндейді. Осының бәрі қауіпсіздік, бейбітшілік пен тұрақтылық жайлаған адамзат қоғамын құруды көздейді... Ислам бейбітшіліктің, мейірімділік пен береке-бірліктің діні [11] екендігі аян.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д. Дін тазалығы // kz.fgulen.com.
2. Сәдиев А. Баршаға бейбіт өмір тілеуші – Ислам діні // Егемен Қазақстан.- 2012, 15 қараша.
3. «Алаш айнасы».- 2010, 3 желтоқсан.
4. Арман А. Қайта тіркеу нәтижесінде діни бірлестіктердің саны, ұстанатын діни туралы жаңа деректер алынды // Алаш айнасы.- 2012, 18 қараша.
5. Садыханұлы М. Лаңкестік лаңы: алдын алу мен қарсы тұру // Дала мен қала.- № 32 (411). - 2011, 20 тамыз.
6. Поляков К. Арабский Восток и Россия: проблема исламского фундаментализма.- Москва.- 2003.- С. 39.
7. Абашин С. Исламский фундаментализм в Центральной Азии // Независимая газета. - 2001. - 5 декабря.
8. Мұхаммед ибн Абед Аль Азиз аль Гейлан. Біз ваххабис емеспіз, біз мұсылманбыз! // Шапағат-Нұр.- 1999.- №7-8.- 37-Б.
9. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012, 14 желтоқсан.
10. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. (Аударған Х. Алтай): «Шарапатты екі харамның қызметкері Фаһд Патшаның Құран Шәриф басым комбинаты».- 1991.- 517- Б.
11. Египет Араб Республикасының Уақып және Ислам істері жөніндегі министрі Махмуд Хамди Закзуктің сөзі. II Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері мен құрметті қонақтарының Екінші съезде сөйлеген сөздерінің жинағы. Алматы: «Өнер».- 2006.-137-Б.

РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ АБАЯ И ШАКАРИМА КАК НРАВСТВЕННЫЙ АСПЕКТ ИХ ДУХОВНЫХ ИСКАНИЙ

Мамырбекова А.К.

г. Астана, Казахстан

Духовность является одним из основных начал в человеке. Именно она приводит его к осмыслению и восприятию духовно-нравственных принципов, идей добра, красоты, блага, истины, справедливости. Эти ценности предопределяют побуждения и мотивы поведения человека, интересы и цели человека, интересы и цели личности, образуют духовную структуру. Человек предстает как квинтэссенция природного и духовного, в которой духовность оказывается определяю-